

ме: Ешкім пақты еш перде ақта алмады.

Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында соғысқа кетіп оралмаған, із-түзсіз, хабар-ошарсыз кеткен солдаттардың толық тізімін жасауды қолға алу керек. Кеңестік қатал қабақ тұтқынға түскен, жат жерде жүрген солдаттарға рақым жасаған жоқ; талай адам КСРО-ның темірдей тәртібін жақсы білді; дидарғайып елге орала қалса — алдынан абақты күтіп тұрғанын сезді; содан кейін де елге оралуға талайдың жүрегі дауаламады; талайлар тайсақтады, сөйтіп жан сақтады...

Бәлкім, Бәтінш апаның ұлы Сардар да соғыстан аман қалған болар, бір елде, бір жерде пұшайман халде жүрді ме екен елге жете алмай...

Қанша қазақ әйелі әскерге кеткен ерін күтті...

Қанша қазақ әйелі соғысқа кеткен баласын күтті...

Олардың жан тақсиретін кім түсінді дейсіз?..

Алтынбек Қоразбаевтың «Қара кем-

пір» әні сондай аналарға жасалған әдемі бір ескерткіш. Одан басқа біз не жасай алдық? Қазақ әйеліне, Аналарға арналған ғажайып бір монумент тұрғыза алған жоқпыз. Астанадағы Ішкі істер министрлігінің алдындағы Ана ескерткіші көптің көңілінен шыға бермейді; тіпті әйел-ананың қолындағы тостағанды «бар жинағанымыз осы болды» деп кекесін күлкіге айналдыра қарайтындар да табылады...

Айтайын дегеніміз бұл емес-тін. Айтайын дегеніміз Ана жүрегі хақында. Ана жүрегі ешқашан алдамайды. Алданбайды. Бәтінш апа «Сардарым келеді, Сардарым келеді» деп сарғайып жүргенде «Осы кемпір де алжиын деген шығар, соғыстың біткеніне 30 жылдан асты, тірі болса — баласы келер еді ғой» деп сорлы ананың соңынан кейде әжуалай, кейде мысқылдап сөйлейтіндер де шығушы еді. Кейуанаға аяушылықпен, есіркей және мүсіркей қарайтындар кемде-кем болатын. Арала көп жылдар өтсе де соғысқа

кеткен баласын күткен сол Ана бейнесі көз алдымынан кетпейді.

Ана жүрегі дегеннен шығады: сол соғыс уақытында майданға аттанған бір жауынгер қақаған қыста оқопта жатып қатты тонады; елде — Қызылқұмда әкешесі қалған екен, шеші байғұс «Балам қатты суықта тонып жүр-ау, мен от жақсам жылынар ма екен» деп сексеуілді үйіп өртей беріпті; кейін баласы соғыстан дін аман келіп, майдан жайында әңгіме айтып отырғанда қатты тонған күнін есіне алыпты; «аяқ-қолым үсіп, әбден өлуге қараған шағымда әлдеқайдан бір жылу келгендей болды, анашым — Сізді ойладым, сөйтіп, суықтың салдарынан бойды ауырлатқан ұйқыға бой бермей, жылындым» депті; «дәл сол күні мен де лаулатып сексеуілді өртей беріп ем, құлыным жылыңсың деп жан-жүрегіммен тілеп ем» деп анасы да елжірей тіл қатыпты.

Ғалымдар қазір «биоөріс» деп атап жүрген құдіретті сезімге мұның қатысы

бар ма, жоқ па; білмедім. Алайда Ана жүрегі бәрін — жақсылықты да; жамандықты да сезеді.

70 жылдық қарсаңында Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Мәдениет министрлігі бірлесе отырып, «Қазақстан» және «Хабар» арналарымен бірге «Олар оралмады» деген қоғамдық акцияны қолға алса дейміз. Бүкіл Қазақстан бойынша әр әулеттен соғысқа аттанған, бірақ ешқандай хабар-ошарсыз кеткен жауынгерлердің деректерін жинастырсақ; бұл мақсатта интернет желісін де тиімді пайдалануға болады; қазақ отбасыларында сақталған ескі суреттерді, майдан даласынан келген солдат хаттарын, әйтеуір, үлкен кісілердің бәрінен там-тұмдап болса да білетін дерекпен дәйектерді бір жерге жинақтап, қанша қазақтың оралмай қалғанын дәл анықтауға әрекет жасасақ қайтеді деген ой біздікі.

(Жалғасы 2-бетте)

КӨРМЕ

ЕВНЕЙ БАРҒАН ЭКСПО



1967 жылы Канаданың Монреаль қаласында «ЭКСПО – 67» дүниежүзіліккөрмесі өткенді. Оған 62 елден елу миллионнан аса адам қатысыпты. Монреальдағы совет павильонында 1967 жылы 10 шілдеде Қазақ КСРО күндері ашылған. Оған Қазақ КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Төрағасы С.Ниязбеков бастаған республика делегациясы қатысады.

Төре ҒАЛИ

Алғаш рет қазақстандықтар қатысқан делегацияның ішінде Қазақ КСРО Ғылым академиясының Қарағанды қаласындағы химия-металлургия институтының директоры, техника ғылымының докторы Евней Арыстанұлы Букетов те бар еді. Біз хабарласқан Қарағанды облыстық мемлекеттік мұрағатының қызметкері Ардақ Мұфтоллақызының айтуынша, жеке қорда жазушы-ғалымның сол сапардан алған әсерлерін жазған «Канада көріністері» атты очеркінің машинкалық түпнұсқасы сақталған екен.

Ғалымның жолжазбасымен жіті танысып шыққанымызда, бұрын болмаған, танымайтын елдің жер-суын, тұрмысын, салт-санасын, мәдениет ескерткіштерін, онда тұрып жатқан халықтардың өміріндегі тарихи өзгерістерін, ғалымдық толғаммен, саяси көзқарасымен, алған әсерімен шынайы суреттегеніне көз жеткіздік. Очеркте келтірілген мәліметтер оқушының ой-өрісін кеңейтіп, білім мен өнерге, оқу мен ғылымға, елін-жерін сүйуге үндейді.

(Жалғасы 8-бетте)

(Басы 1-бетте)

Алғаш рет капиталистік елге баратынын, сол кездегі кеңестік дәуірдің саясатын, сапардың маңыздылығын сезінген ғалым «Канадаға барасың деген хабар келгенде мен әрі қуандым да әрі түрлі ойларға түстім» деп жазады. Очерк «Мен еліміз социалистік өмір құра бастағанда туып, капиталистік өмірді көрмей өскен адаммын» деп басталады. Канада капиталистік елдердің ішіндегі елеулісінің бірі болатынын, ұшаққа отырып, мұхитты бетке алғаннан бастап, ол елдің көлеңкелі тұстарын да нақты мысалдармен көрсете білген. Дүниежүзілік көрмедегі павильондардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктеріне шолу жасайды. «Көрме гират алып, үйренбек үшін» атты бөлімде «Монреаль қаласы Канаданың түстік мұхитпен қосып, кең жайылған Санта Лаврентия өзенінің бойында орнаған. ... 62 ел өз көрмелерін орнатқан, оның үстіне 6 интернационалдық көрме павильондары бар. Бұл павильондардың тақырыбы атынан білінеді: «Адам — тоқшылыққа себепкер», «Адам — ғылыми-зерттеуші», «Адам және өндіріс», «Адам және оның денсаулығы», «Адам молшылық иесі», «Адам және қоғам»... Көрмені ұйымдастырған адамдардың алдына қойған мақсаты тамаша-ақ. Ол «Жер адамның игілігі үшін» екенін дәлелдеп көрсету, жерді адамның игілігіне пайдаланудың адал жолдары мен тәсілдеріне қанықтыру, елдердің бірі мен бірінің сырласып, үйренуі, бірінен-бірі гират алуы» деп кеңінен таныстырып кетеді. Ғалымдық көзқарасы ерекше көрінеді, мысалы «ағылшын елі атом электростанцияларын орнатудың, болат пен құрыш құюдың жетістіктерін жақсы көрсеткен. Ғарыш зерттеу мәселелеріндегі жаңалықтарын келушілердің алдына салған. Құрама Штаттар павильонына асыға бардық, сыртынан тамаша шардың ішін көзбен көруге асықтық. Жіңішке бір-ақ кісі сиятын эскелатормен ең биігіне шықтық. Обалы не керек, космос зерттеу жөніндегі АҚШ-тың жетістіктері айтарлықтай-ақ. Жасанды спутниктер мен АҚШ космонавтары ұшқан кемелерді көрдік. Айдың бетіне адам жіберудің 1970 жылаға меңзелген жобасын көрдік.

Енді төмен түсе мүлдем басқа дүниеге шомып кеткен сияқты болдық. Кино көрсетіп жатыр: сүйісу мен атысу, атысу мен сүйісу. Біржақ толы киноартист әйелдердің суреті. Ескі автомобиль тұр — атақты киножұлдыз әйел осы автомобильге мініп киноға түсіпті-мыс. Енді бір жерде атышулы артист әйелдердің картоннан қиған бейнелері ілінді. Абыройлары өзгер жабулы. Мұны неге картоннан қиған десе, әйелдің денесі сұлу болу үшін бөксесі белі, кеудесінің өзара мөлшері қандай болуын дәлелдемек екен. Мұндай ғаламатты тек АҚШ павильонынан көруге болады. Жас адамдар жоғарыдан төмен түскен соң салдыргүлдір, сүйіс, өлім, төс пен бел арасындағы жайлар, бағанағы көрген космос әсерлерін мүлдем ұмытып кетерліктей жағдай бар. Жобасы, павильонның өзі де соны мақсат еткен сияқты...» деп баяндайды.

Сол кездің өзінде көрмедегі энергетика саласындағы жетістіктер жайында «Франция павильонында кеңілге қонған «Ранс» деген 240 мың киловаттық электростанциясының макеті. Бұл станция мұхиттың жағалауындағы толқынның күшін электр тоғына айналдыратын көрінеді. Соны-

мен қатар бұл елдердің техникалық жетістіктерін көрсетуде бір өзгешеліктері байқалады. ...Италия автомобиль шығаруының қазіргі уақыттағы тиімді әдістерін, су электростанцияларын орнатуды пайдаланатын тәсілдерін көрсеткен» деп жазады.

Канададағы кітап дүкендерін «Адамға білім беретін, рухани азық болатын кітаптар, мысалы классиктердің шығармалары дүкеннің арғы бұрыш жағында, көзге онша түсе қоймайды. Кітап саудасы да бұл жерде долларды көбейтудің бір әдісі, сондықтан тоғышарларға арналған секс пен бұзушылықты сипаттайтын кітаптар ең өтімді, ең қымбат кітап сияқты. Әрине, бұл дүкендерде жақсы, мазмұнды, оқығанда пікір туғызып отыратын кітапқа құмартақан адам өз іздегенін табыр да, бірақ пәк жолдан шық деп, қытықтап тұрған мұқабалардың арасынан жігері жетіп аман өтсе ғана табар» деп баяндайды және қорыта келе «біздің негізгі мақсатымыз халықаралық көрмені көру, содан өзімізге пайдалы жерін ескеру...» деп ой тастайды. «Сыпыра қоршалған дала» тарауында ауыл шаруашылығына қатысты «Бүкіл дала, ағаш-орман бәрі бөлек сым қоршауында. Жекеменшікке үйренбеген біздің көзімізге жерді жапырақтап сыммен өршелене қоршай беру ерсілеу көрінді. Шамасы, әрбір фермер өз жерін дереу бөліп-бөліп қоршап алатын болса керек. Біздің колхоз-совхоздардың кең далаларындай жүздеген гектарда жайқалып тұрған бірыңғай бидай, арпа, сұлы көре алмадық. Жобасы, бір дақылды бірнеше гектарлап (тіпті одан да аздары бар) қана себеді... Бірақ егістерінің өсімі жақсы, арамшөптері көрінбейді» деген секілді әр елдің өзгешеліктерін алған әсерімен бөліседі.

«Көрмеде «Адам, оның планетасы және космос» деп аталатын павильон бар. Бұл павильонға кіре берісте жанып тұрған цифрлар секунд сайын өзгеріп тұрады. Бұл өзгеріс адам баласының өсімін көрсетпек. Жерде секунд сайын екі сәби пайда болады екен. Канаданың халқы 90 секундта бір адамға көбейеді екен. Монреальда бір адам 8 минут 15 секундта пайда бо-

лады екен. «Адам — тоқшылыққа себепкер» атты павильонда кірер есік пен шығар есігінің тұсында жанып тұрған жарнамалар жерде әрбір минутта тамақ тілейтін 140 ауыз пайда болатынын ескертеді. Адам саны жер үстінде бейбіт өмір тұсында осылай өсе бермек. Бірақ бұл қызық жайт осы павильондарды құрушылардың топшылауы бойынша жаңа адамның жер үстіне пайда болғаны онша қуаныш емес сияқты. Олардың пікірінше, бұл тіпті апат болуы мүмкін. Оған себеп — жер үстіндегі адам баласының тең жартысы дерлік ашығуда. Бұл пікірді бейнелеу үшін екі фотосурет тұр, бірінде алуан түрлі тәтті тамаққа толы дастарқанның басында месқарын біреу отыр, екіншісі — құр сүйегі қалған қыз бала кастрюльден өз ыдысына көже-қатық құйып алып жатыр» деп жазады да, — «жобасы, осыдан шығатын пікір қоректік қаракет жер үстінде бар адамға жетпей жатқанда адамның пайда болуы аштықты күшейте түспек. Жер әлі кең екені жөнінде ондағы байлық ескілікті қоғам құрылысының кесапатынан адамды мешеу етіп, дұрыс пайдаланылмай жатқаны жөнінде бірде-бір сөз жоқ. Қысқасы, адамды «көбейе берме, алдында сені аштық күтіп тұр» деп қорқытпақ» деген ой-пікірін білдіреді. Осы дүниежүзілік көрмеде кеңес павильоны шамамен, 12 миллион көрермен жинап, бірінші орынға шықса, екінші орынды 11 миллион көрермен жинаған Канада павильоны, үшінші орынды 9 миллион көрермен жинаған АҚШ павильоны иеленіпті. Бұл деректің растығы ғалымның жазбасынан да байқалады. «Көрмеден бүкіл жер жүзін аралап шыққан сияқты әсер алдық. Өйткені әр елдің өзгешеліктерінен, мәдениетінен, тұрмысынан недәуір мәліметке ие болдық. Біз адам бір-біріне қас емес екенін көрдік. Халықтар бірімен-бірі тату емес екенін көрдік. Халықтар бірімен-бірі тату болуды, бейбіт өмір мен бейбіт тұрмыс құруды аңсайтынын байқадық» деген ғалымның көптеген пікірлері бүгін де құнды, өзекті.

— Ұлт мақтанышы, көрнекті ғалым, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лау-

реаты, КСРО Жазушылар одағының мүшесі, техника ғылымдарының докторы, профессор, академик Евней Арыстанұлы Букетов барған дүниежүзілік «ЭКСПО — 67» көрмесі елу жылдан кейін, 2017 жылы еліміздің Астанасында өтетіні зор мақтаныш. Евней барған ЭКСПО-мен бұл ЭКСПО-ның арасын тұтас жарты ғасыр бөліп жатыр. «Елу жылда — ел жаңа» дегендей, қазір ел жаңарды, экономика өсті, мол тәжірибе жиналды, заман мен келешекке деген көзқарас, ой-сана, жаңа талпыныс қалыптасты. Әлем кеңістігінде біз қазір бұрынғыдай бір нәрсені сұраушы немесе үйренуші ретінде емес, өз орнын білетін, өз ісіне мықты, өз келешегін болжай білетін ел, халық, Қазақ мемлекеті болып қалыптастық. Қор жиналып, қоржынымыз толды. Алдын болжай білетін, халқын дұрыс жолмен бастап, заман талабына сай қоғам құра білетін Елбасы мемлекет қайраткері ретінде әлемге танылды, Қазақ елін бүкіл әлем таныды, — дейді Қарағанды облыстық мемлекеттік мұрағатының қызметкері Ардақ Мұфтоллақызы.

Расында да, Қазақстан әлеуметтік-экономикалық іргетасының беріктігімен халықаралық қоғамдастықты қайран қалдыратын қадамдар жасауда. «ЭКСПО — 2017» бүкіләлемдік көрмесін өткізу құқығын жеңіп алуымыз соның бір айғағы. Бүкіләлемдік көрмені өткізудің және кең танытудың бірыңғай тұжырымдамасында қоршаған ортаны қорғау — көрме учаскесінде «жасыл экономиканың» барлық нысандарын — жетілген электр желілерін, жаңғыртылған энергия көздері бар ғимарат салу, «болашақтың энергиясы» тақырыбына сәйкес келетін өзге маңызды элементтермен және электромобильдермен жабдықтау көзделіп отырғанын, сонда ғана «жасыл» энергетиканы қолдануда толық тиімділікке қол жеткізілмек. Елбасы айтып өткендей, бірегей жоғары технологиялық жобаның құрылысы елімізді технологиялық тұрғыда дамытуда үлкен серпіліс жасау үшін мол мүмкіндік береді. Бүкіл әлемдік көрменің аумағы бүкіл Қазақстанның жетістіктер аумағына айналатыны сөзсіз.



зінің
нық-
шия-
ралы
ңыз,
) Бұл
іп те
н де,
) өзге

лның
үлкін
тетін
ұятқа
шілер

Неге
дрлап

аузы-
ралы
асын
саман
рлық
мірін
түрлі.
і әке-
дұрыс
лаған

п жа-
ерген
«жер
ауыл-
ейбір
йын-

қым-
қағып
бысы-
тасын

кеттік
банк
ты. Ол
уақыт
енгені

й өре-
жылы
сулақ-
ін жат
да бо-
ерген
шыр-

Канада
» атты

нген —
ля ғы-
ркітіл-
ақстан
одағы-
, жыр-
«Шы-
аз би»
тыс.
жазған
, әдеби
н әңгі-
ен.
дениет
Халық
генова
Бұл —
ім бар.
(оқып
нғазы,
анова,
сирек
йында
ғырай-

қалам-
туралы

ІЗБАЙ